"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 4 қыркүйектегі № 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 7 қыркүйекте № 39831 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №ҚР ДСМ-84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бактериологиялық тесттерді алу актісінің нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес биотесттерді алу актісінің нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес шайындыларды алу актісінің нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес су үлгілерін алу актісінің нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес сынамаларды (ауаның, дәрілік нысандардың, стерильділікке) алу актісінің нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес топырақ үлгілерін алу актісінің нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес зерттеулер жүргізуге тамақ (оның ішінде шикізат) және азық-түлік емес өнімдерді алу актісінің нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес радиоактивтілікті зерттеуге үлгілерді алу актісінің нысаны;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау заттарының сынамаларын алу актісінің нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес зоонозды және аса қауіпті инфекцияларға сыртқы орта сынамаларын алу актісінің нысаны;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес кенелердің сынамаларын алу актісінің нысаны;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес иммундаудан кейінгі қолайсыз көрініс жағдайын тергеп-тексеру нәтижелері туралы актінің нысаны;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексеру тағайындау туралы актінің нысаны;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актінің нысаны;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру нәтижелері туралы актінің нысаны;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өнімді (тауарды) бақылау мақсатында сатып алуды тағайындау туралы актінің нысаны;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес өнімді (тауарды) сатып алу актісінің нысаны;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өнімді (тауарды) бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері туралы актінің нысаны;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес вирусологиялық зерттеуге жолдаманың нысаны;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау камерасына жолдаманың нысаны;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес вирустық гепатиттердің маркерлеріне қанды зерттеуге жолдаманың нысаны;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес сынама үлгілерін вирусологиялық зерттеуге жолдаманың нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес материалды (зерттелушіден, науқас адамнан) қызылша мен қызамыққа зерттеуге жолдаманың нысаны;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес санитариялық-паразитологиялық зерттеуге жолдаманың нысаны;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материалды микробиологиялық зерттеуге жолдаманың нысаны;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материалды зерттеуге жолдаманың нысаны;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес материалды тырысқақ қоздырғышының болуына зерттеуге жолдаманың нысаны;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес материалды тырысқақ қоздырғышының болуына зерттеу нәтижесінің нысаны;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің және азық-түлік шикізатының үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес суды микробиологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес шайындыларды микробиологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын микробиологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес микробиологиялық зерттеу (ауаны, топырақты, дәрілік нысандарды және басқалар (керегін көрсетіңіз)) хаттамасының нысаны;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес тасымалдаушылыққа микробиологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес нәжісті бактериологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес мұнай өнімдерін қайта өңдеу үлгісін және арнайы сұйықтықтарды зерттеу хаттамасының нысаны;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес молекулалық-генетикалық сынақтарға шикізат пен тамақ өнімдерін зерттеу хаттамасының нысаны;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерін иммундық-ферментті талдау (ИФТ) әдісімен зерттеу хаттамасының нысаны;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес зоонозды және аса қауіпті инфекцияларға микробиологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес азық-түлік емес өнімдер мен шикізат үлгісін зерттеу хаттамасының нысаны;

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес аэроиондар шоғырлануын өлшеу хаттамасының нысаны;

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес діріл деңгейлерін өлшеу хаттамасының нысаны;

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес шу, дыбыс оқшаулау деңгейлерін өлшеу хаттамасының нысаны;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес электрмагниттік өрісті, инфрақызыл, ультракүлгін және лазерлік сәулеленуді өлшеу хаттамасының нысаны;

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімін нитраттардың болуына зерттеу хаттамасының нысаны;

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің, тамақ өнімдерінің, судың, топырақтың, ауа ортасының үлгілерін (жоғары дәлдіктегі жабдықта) зерттеу хаттамасының нысаны;

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау құралдарын зерттеу хаттамасының нысаны;

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес (инфекция түріне) серологиялық зерттеулер нәтижесінің нысаны;

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес үлгілерді санитариялық вирусологияға зерттеу хаттамасының нысаны;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес (инфекция түрі) үлгілерді зерттеу нәтижесінің нысаны;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес ағаш шикізаты мен ағаштан жасалған бұйымдардың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес топырақтың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес құрылыс материалдары мен бұйымдарының радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес тыңайтқыштардың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес қоршаған орта объектілерінің және өндіріс қалдықтарының радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес судың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес жұмыс орындарын дозиметриялық бақылау хаттамасының нысаны;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес дозиметриялық бақылау хаттамасының нысаны;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес атмосфералық ауаның және жауын-шашынның радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес висцеральды және тері лейшманиозына зерттеу хаттамасының нысаны;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес емшек сүтін зерттеу хаттамасының нысаны;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес ашық түрдегі радиоактивті заттармен жұмыс кезіндегі дозиметриялық және радиометриялық өлшеулер хаттамасының нысаны;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес рентген кабинетіндегі рентген сәулесін дозиметриялық өлшеу хаттамасының нысаны;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес металды, металдан жасалған бұйымдарды және металл сынықтарын дозиметриялық бақылау хаттамасының нысаны;

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес үй-жайлар ауасында радонның және оның ыдырау өнімдерінің болуын өлшеу хаттамасының нысаны;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес жеке дозаларды өлшеу хаттамасының нысаны;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес микробиологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес күлдің радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес материалдардың, шикізаттардың, бұйымдардың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес отын - энергетикалық минералдық шикізаттың радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес адамды спектрометриялық өлшеу хаттамасының нысаны;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес жағындылар әдісімен алынатын ластануды зерттеу хаттамасының нысаны;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес радионуклидтік терапиядан кейін пациенттердің экспозициялық дозасының қуатына өлшеу жүргізу хаттамасының нысаны;

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес дайын тағамдар мен жартылай фабрикаттарды зерттеу хаттамасының нысаны;

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес елді мекендердің атмосфералық ауасының сынамасын алу және зерттеу хаттамасының нысаны;

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес жабық үй-жайлар мен жұмыс аймағы ауасының сынамасын алу және зерттеу хаттамасының нысаны;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес жарықтандыруды өлшеу хаттамасының нысаны;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасының нысаны;

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес жер үсті су объектілерінің және сарқынды су үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес буынаяқтыларды энтомологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес шайындыларды паразитологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес перианалдық қатпардан алынған қырындыны зерттеу нәтижесінің нысаны;

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес нәжісті, перианалдық қатпардан алынған қырындыларды паразитологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес қанды безгекке зерттеу нәтижесінің нысаны ;

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес паразиттік ауруларды серологиялық зерттеулер нәтижесінің нысаны;

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес санитариялық-паразитологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес топырақ үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес дайын тағамдардың, рациондардың құнарлығын зерттеу хаттамасының нысаны;

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес қоректік орталардың сапасын зерттеу хаттамасының нысаны;

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес ауада радонның және оның ыдырауынан пайда болған өнімдердің болуын өлшеу (топырақ бетінен алынған радонның ағымдық тығыздығын өлшеу) хаттамасының нысаны;

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өлшеулер хаттамасының нысаны;

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес шаң үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың нысаны;

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес құқықтарды түсіндіру хаттамасының нысаны;

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес адамдарды жұмыстан уақытша шеттету жөнінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысының нысаны;

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқаспен тығыз байланыста болған адамдарды жұмыстан (оқудан) уақытша шеттету туралы қаулының нысаны;

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, өткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметін немесе оның жекелеген түрлерін (процестерін, іс-әрекеттерін) тоқтата тұру туралы жедел ден қою шарасын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысының нысаны;

100) осы бұйрыққа 100-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы (қорытынды дезинфекциялау) және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы қаулының нысаны;

101) осы бұйрыққа 101-қосымшаға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымның нысаны;

102) осы бұйрыққа 102-қосымшаға сәйкес уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысының нысаны;

103) осы бұйрыққа 103-қосымшаға сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне (процестеріне, іс-әрекеттеріне) тыйым салу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысының нысаны;

104) осы бұйрыққа 104-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) өткізуден алып қою және кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шарасын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысының нысаны;

105) осы бұйрыққа 105-қосымшаға сәйкес адамдарды емдеуге жатқызуға жіберуді ұйымдастыру туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысының нысаны;

106) осы бұйрыққа 106-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысаны;

107) осы бұйрыққа 107-қосымшаға сәйкес заңдылықты бұзу жағдайларын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің жеке ұсынуының нысаны;

108) осы бұйрыққа 108-қосымшаға сәйкес уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

109) осы бұйрыққа 109-қосымшаға сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне (процестеріне, іс-әрекеттеріне) тыйым салу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

110) осы бұйрыққа 110-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемияға қарсы (қорытынды дезинфекциялау) және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды

жүргізу туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

111) осы бұйрыққа 111-қосымшаға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды тіркеу журналының нысаны;

112) осы бұйрыққа 112-қосымшаға сәйкес адамдарды жұмыстан уақытша шеттету жөнінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

113) осы бұйрыққа 113-қосымшаға сәйкес бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, өткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметін немесе оның жекелеген түрлерін (процестерін, іс-әрекеттерін) тоқтата тұру туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

114) осы бұйрыққа 114-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) өткізуден алып қою және кері қайтарып алу жөнінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

115) осы бұйрыққа 115-қосымшаға сәйкес адамдарды емдеуге жатқызуға жіберуді ұйымдастыру жөнінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулыларын тіркеу журналының нысаны;

116) осы бұйрыққа 116-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қарауды тоқтату туралы қаулыларды тіркеу журналының нысаны ;

117) осы бұйрыққа 117-қосымшаға сәйкес кәсіптік аурулар мен уланулардыі тіркеу журналының нысаны;

118) осы бұйрыққа 118-қосымшаға сәйкес тамақтан улануды тіркеу журналының нысаны;

119) осы бұйрыққа 119-қосымшаға сәйкес қоршаған ортадан алынған үлгілерді серологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

120) осы бұйрыққа 120-қосымшаға сәйкес дайындалған қоректік орталарды стерильдеуді тіркеу журналының нысаны;

121) осы бұйрыққа 121-қосымшаға сәйкес өлшеу құралдары мен сынақ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді тіркеу журналының нысаны;

122) осы бұйрыққа 122-қосымшаға сәйкес медициналық иммундық-биологиялық препараттарды есепке алу журналының нысаны;

123) осы бұйрыққа 123-қосымшаға сәйкес судың үлгілерін (жоғары дәлдіктегі жабдықта) зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

124) осы бұйрыққа 124-қосымшаға сәйкес дозаторларды калибрлеуді тіркеу журналының нысаны;

125) осы бұйрыққа 125-қосымшаға сәйкес (заттың, өнімнің атауы) (тамақ өнімдері, топырақ, ағаш шикізаты, көмір, минералды шикізат, ойыншықтар, жиһаз өнімі, автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде пайдаланылатын материалдардың және тағы басқалардың атауы) радиоактивтілігін зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

126) осы бұйрыққа 126-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдеріндегі микробтық трансглутаминазаны анықтау бойынша зерттеулерді тіркеу нысаны;

127) осы бұйрыққа 127-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдеріндегі құрғақ сүттің массалық шоғырлануын анықтау бойынша зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

128) осы бұйрыққа 128-қосымшаға сәйкес таразыларды калибрлеуді тіркеу журналының нысаны;

129) осы бұйрыққа 129-қосымшаға сәйкес дистилденген судың сапасын бақылауды тіркеу журналының нысаны;

130) осы бұйрыққа 130-қосымшаға сәйкес қоршаған орта параметрлерін бақылауды тіркеу журналының нысаны;

131) осы бұйрыққа 131-қосымшаға сәйкес бу және ауа стерилизаторларын, құрғақ ыстық ауалы шкафтарды (автоклавтарды) және дезинфекциялау камераларын бақылауды тіркеу журналының нысаны;

132) осы бұйрыққа 132-қосымшаға сәйкес pH метрді калибрлеуді тіркеу журналының нысаны;

133) осы бұйрыққа 133-қосымшаға сәйкес термостаттың температурасын бақылауды тіркеу журналының нысаны;

134) осы бұйрыққа 134-қосымшаға сәйкес центрифуганы қосуды және стерильдеуді тіркеу журналының нысаны;

135) осы бұйрыққа 135-қосымшаға сәйкес зертханалық ыдыстарды стерильдеуді тіркеу журналының нысаны;

136) осы бұйрыққа 136-қосымшаға сәйкес зертханааралық салыстыру сынақтары және сапаны сырттай бағалау бойынша сынамаларды тіркеу журналының нысаны;

137) осы бұйрыққа 137-қосымшаға сәйкес зертханадағы аварияны тіркеу журналының нысаны;

138) осы бұйрыққа 138-қосымшаға сәйкес емшек сүтін микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

139) осы бұйрыққа 139-қосымшаға сәйкес парфюмерлік-косметикалық өнімдерді микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

140) осы бұйрыққа 140-қосымшаға сәйкес тамақ және мал шаруашылығы өнімдерінде гормондардың қалдық мөлшерін анықтау бойынша микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

141) осы бұйрыққа 141-қосымшаға сәйкес жеке гигиена құралдарын микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

142) осы бұйрыққа 142-қосымшаға сәйкес балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

143) осы бұйрыққа 143-қосымшаға сәйкес ойыншықтарды микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

144) осы бұйрыққа 144-қосымшаға сәйкес бактерияларға қарсы препараттарға (сыртқы ортадан бөлінген өсірінділерге) сезімталдықты анықтауды тіркеу журналының нысаны;

145) осы бұйрыққа 145-қосымшаға сәйкес қанды ішсүзегі, А және В паратифі қоздырғышын анықтауға микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

146) осы бұйрыққа 146-қосымшаға сәйкес висцеральды және тері лейшманиозына зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

147) осы бұйрыққа 147-қосымшаға сәйкес металды, металдан жасалған бұйымдарды және метал сынықтарын зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

148) осы бұйрыққа 148-қосымшаға сәйкес мұнай өнімдерін қайта өңдеу мен арнайы сұйықтықтар үлгілерін зерттеу нәтижелерін тіркеу және беру журналының нысаны;

149) осы бұйрыққа 149-қосымшаға рентгенология (сәулелік диагностика және терапия) кабинеттеріндегі дозиметриялық бақылауды тіркеу журналының нысаны;

150) осы бұйрыққа 150-қосымшаға сәйкес экспресс-зерттеу нәтижелерін тіркеу және беру журналының нысаны;

151) осы бұйрыққа 152-қосымшаға сәйкес сынаққа жарамсыз сынамаларды (үлгілерді) тіркеу (бракераж) журналының нысаны;

152) осы бұйрыққа 152-қосымшаға сәйкес сәйкессіздіктерді және түзету іс-қимылдарын жүргізу жөніндегі іс-шараларды тіркеу журналының нысаны;

153) осы бұйрыққа 153-қосымшаға сәйкес бактерицидтік шамның жұмыс істеген уақытын есепке алу журналының нысаны;

154) осы бұйрыққа 154-қосымшаға сәйкес тоңазыту жабдығының, тоңазыту және мұздату бөлмелерінің немесе камераларының температуралық режимін есепке алу журналының нысаны;

155) осы бұйрыққа 155-қосымшаға сәйкес тазалау жүргізуді тіркеу журналының нысаны;

156) осы бұйрыққа 156-қосымшаға сәйкес медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналының нысаны;

157) осы бұйрыққа 157-қосымшаға сәйкес өнім берушілер мен олар жеткізетін өнімді есепке алу, бағалау журналының нысаны;

158) осы бұйрыққа 158-қосымшаға сәйкес иондаушы сәулелену көздерін пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілерді және радиоактивті заттардың қозғалысын есепке алу журналының нысаны;

159) осы бұйрыққа 159-қосымшаға сәйкес жеке дозиметрия нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

160) осы бұйрыққа 160-қосымшаға сәйкес полимеразды-тізбекті реакция (ПТР) әдісімен генетикалық түрлендірілген объектілердің (ГТО) болуына шикізат пен тамақ өнімдерінің үлгілерін зерттеулерді тіркеу және олардың нәтижелерін беру журналының нысаны;

161) осы бұйрыққа 161-қосымшаға сәйкес москит имаголары санының маусымдық серпінін есепке алу журналының нысаны;

162) осы бұйрыққа 162-қосымшаға сәйкес аумақтардағы барлап зерттеп-қарау нәтижелері бойынша кене энцефалитін тасымалдаушы иксод кенелердің санын есепке алу журналының нысаны;

163) осы бұйрыққа 163-қосымшаға сәйкес қансорғыш буынаяқтылардың дернәсілдерімен және имагосымен күрес бойынша жұмыстарды есепке алу журналының нысаны;

164) осы бұйрыққа 164-қосымшаға сәйкес экстенсивті зерттеп-қарау (жаппай аулау) нәтижелері бойынша жәндіктер санын есепке алу журналының нысаны;

165) осы бұйрыққа 165-қосымшаға сәйкес Анофелес дәрнәсілдері санының маусымдық серпінін тіркеу журналының нысаны;

166) осы бұйрыққа 166-қосымшаға сәйкес қансорғыш буынаяқтылардың түрлік құрамын зерделеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

167) осы бұйрыққа 167-қосымшаға сәйкес жәндіктер мен кенелердің шағуына (шабуылына) байланысты жүгінген адамдарды тіркеу журналының нысаны;

168) осы бұйрыққа 168-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің үлгісін тіркеу және (жоғары дәлдіктегі жабдықта) зерттеу нәтижелерін беру журналының нысаны;

169) осы бұйрыққа 169-қосымшаға сәйкес дайын тағамдардың үлгілерін және рациондардың құнарлығын зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

170) осы бұйрыққа 170-қосымшаға сәйкес жер үсті су объектілері суының және сарқынды сулардың үлгілерін зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

171) осы бұйрыққа 171-қосымшаға сәйкес орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

172) осы бұйрыққа 172-қосымшаға сәйкес топырақ үлгілерін және зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

173) осы бұйрыққа 173-қосымшаға сәйкес елді мекендердің атмосфералық ауа үлгілерін алуды және зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

174) осы бұйрыққа 174-қосымшаға сәйкес жабық үй-жайлардың және жұмыс аймағының ауа үлгісін және оны зерттеу нәтижелерін беруді тіркеу журналының нысаны;

175) осы бұйрыққа 175-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау құралдарының үлгілерін және оларды зерттеу нәтижелерін (әсер ететін заттың болуы) беруді тіркеу журналының нысаны;

176) осы бұйрыққа 176-қосымшаға сәйкес токсикологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

177) осы бұйрыққа 177-қосымшаға сәйкес азық-түлік емес өнімдер мен шикізат үлгісін зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

178) осы бұйрыққа 178-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің және қоршаған орта объектілерінің үлгілерін пестицидтердің, пестицидтердің әсер етуші заттарының және минералдық тыңайтқыштардың қалдық мөлшеріне зерттеу нәтижелерін тіркеу және есепке алу журналының нысаны;

179) осы бұйрыққа 179-қосымшаға сәйкес жарықтандыруды өлшеуді және зерттеу нәтижелерін беруді тіркеу журналының нысаны;

180) осы бұйрыққа 180-қосымшаға сәйкес шуды, дыбыс оқшауалануын, инфрадыбысты, ультрадыбыстарды және дірілді өлшеуді тіркеу журналының нысаны;

181) осы бұйрыққа 181-қосымшаға сәйкес электрмагниттік өрісті (ЭМӨ), инфрақызыл, ультракүлгін және лазерлік сәулеленуді өлшеуді тіркеу журналының нысаны;

182) осы бұйрыққа 182-қосымшаға сәйкес радиоактивтілікті зерттеуге түсетін үлгілерді және оларды зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

183) осы бұйрыққа 183-қосымшаға сәйкес радиометриялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

184) осы бұйрыққа 184-қосымшаға сәйкес радиохимиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

185) осы бұйрыққа 185-қосымшаға сәйкес радиациялық бақылауды және зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

186) осы бұйрыққа 186-қосымшаға сәйкес жергілікті жердің гамма-фонын тіркеу журналының нысаны;

187) осы бұйрыққа 187-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материал үлгілерін тіркеу журналының нысаны;

188) осы бұйрыққа 188-қосымшаға сәйкес ішек инфекциялары тобын микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

189) осы бұйрыққа 189-қосымшаға сәйкес стафилококка микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

190) осы бұйрыққа 190-қосымшаға сәйкес дифтерияға микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

191) осы бұйрыққа 191-қосымшаға сәйкес кенелердің, жәндіктердің түрлік тиістілігін анықтауды тіркеу журналының нысаны;

192) осы бұйрыққа 192-қосымшаға сәйкес көкжөтел мен көкжөтелге ұқсас ауруларды микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

193) осы бұйрыққа 193-қосымшаға сәйкес менингококкқа микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

194) осы бұйрыққа 194-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің үлгілерін микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

195) осы бұйрыққа 195-қосымшаға сәйкес су үлгілерінің микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

196) осы бұйрыққа 196-қосымшаға сәйкес топырақ үлгілерінің микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

197) осы бұйрыққа 197-қосымшаға сәйкес шайындылардың микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

198) осы бұйрыққа 198-қосымшаға сәйкес ауа үлгілерінің микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

199) осы бұйрыққа 199-қосымшаға сәйкес дәрілік (дәріханалық) нысандардың микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

200) осы бұйрыққа 200-қосымшаға сәйкес стерильділікке микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

201) осы бұйрыққа 201-қосымшаға сәйкес жұқпалы материалдар қозғалысын есепке алу журналының нысаны;

202) осы бұйрыққа 202-қосымшаға сәйкес бөлінген өсірінділерді және оларды жоюды есепке алу журналының нысаны;

203) осы бұйрыққа 203-қосымшаға сәйкес зерттеуге түскен өсірінділерді тіркеу журналының нысаны;

204) осы бұйрыққа 204-қосымшаға сәйкес өсірінділер мен уыттарды ұйымнан тыс босатуды есепке алу журналының нысаны;

205) осы бұйрыққа 205-қосымшаға сәйкес қоректік ортаны дайындау және бақылауды тіркеу журналының нысаны;

206) осы бұйрыққа 206-қосымшаға сәйкес мұражайлық өсірінділер қозғалысын есепке алу журналының нысаны;

207) осы бұйрыққа 207-қосымшаға сәйкес режимдік зертханаға келушілерді тіркеу журналының нысаны;

208) осы бұйрыққа 208-қосымшаға сәйкес қоршаған ортадан алынған үлгілерді тіркеу және зерттеу нәтижелерін беру журналының нысаны;

209) осы бұйрыққа 209-қосымшаға сәйкес консервілердің микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

210) осы бұйрыққа 210-қосымшаға сәйкес пайдаланылған материалды зарарсыздандыруды тіркеу журналының нысаны;

211) осы бұйрыққа 211-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған үлгілерді тіркеу мен оларды аса қауіпті және зоонозды инфекцияларға серологиялық зерттеудің нәтижелерін беру журналының нысаны;

212) осы бұйрыққа 212-қосымшаға сәйкес биологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

213) осы бұйрыққа 213-қосымшаға сәйкес иммундық-биологиялық препараттардың белсенділігін бақылау журналының нысаны;

214) осы бұйрыққа 214-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау сапасын (шайындыларды) зертханаішілік бақылау журналының нысаны;

215) осы бұйрыққа 215-қосымшаға сәйкес ауаны зертханаішілік бақылауды тіркеу журналының нысаны;

216) осы бұйрыққа 216-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған үлгілердің серологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

217) осы бұйрыққа 217-қосымшаға сәйкес (инфекция түріне) адамдардан алынған материал үлгілерінің микробиологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

218) осы бұйрыққа 218-қосымшаға сәйкес зерттеуге арналған үлгілерді тіркеу (инфекция түріне) журналының нысаны;

219) осы бұйрыққа 219-қосымшаға сәйкес шетелден өсірінділер алуды тіркеу журналының нысаны;

220) осы бұйрыққа 220-қосымшаға сәйкес (инфекция түріне) қарсы иммунитетті анықтауға арналған үлгілерді тіркеу журналының нысаны;

221) осы бұйрыққа 221-қосымшаға сәйкес вирустық гепатиттерге серологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

222) осы бұйрыққа 222-қосымшаға сәйкес штаммдарды сәйкестендіру нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

223) осы бұйрыққа 223-қосымшаға сәйкес (инфекция түріне) вирусологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

224) осы бұйрыққа 224-қосымшаға сәйкес тін өсіріндісінде жүргізілген серологиялық зерттеулердің нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

225) осы бұйрыққа 225-қосымшаға сәйкес паразиттік аурулар қоздырғыштарына зерттеп-қаралатын адамдарды тіркеу журналының нысаны;

226) осы бұйрыққа 226-қосымшаға сәйкес инфекциялық аурулар ошақтарындағы дезинфекциялық іс-шараларды есепке алу журналының нысаны;

227) осы бұйрыққа 227-қосымшаға сәйкес жұмсақ мүкәммалды (киімдер мен төсек орын жабдықтары) камералық өңдеуді тіркеу журналының нысаны;

228) осы бұйрыққа 228-қосымшаға сәйкес санитариялық-паразитологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

229) осы бұйрыққа 229-қосымшаға сәйкес үй шаңы кенелерінің болуына үй шаңының, мамықтан және қауырсыннан жасалған бұйымдардың үлгілерін зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

230) осы бұйрыққа 230-қосымшаға сәйкес паразиттік ауруларға серологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

231) осы бұйрыққа 231-қосымшаға сәйкес биосынамалы жануарларды тіркеу журналының нысаны;

232) осы бұйрыққа 232-қосымшаға сәйкес адамдардан бруцеллезге (гемоөсірінді) алынған үлгілерді тіркеу және оларды зерттеу нәтижелерін беру журналының нысаны;

233) осы бұйрыққа 233-қосымшаға сәйкес қызылшаға/қызамыққа серологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

234) осы бұйрыққа 234-қосымшаға сәйкес (инфекция түріне) люминесценттік зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

235) осы бұйрыққа 235-қосымшаға сәйкес санитариялық вирусологияға зерттеуге алынған үлгілерді тіркеу журналының нысаны;

236) осы бұйрыққа 236-қосымшаға сәйкес бруцеллез қоздырғышының бөлінуін және бөлінген өсірінділерін сәйкестендіруді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

237) осы бұйрыққа 237-қосымшаға сәйкес сыртқы орта объектілерінің үлгілерін иммундық-ферментті талдау (ИФТ) әдісімен зерттеуді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

238) осы бұйрыққа 238-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материал үлгілерін иммундық-ферментті талдау (ИФТ) әдісімен зерттеуді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

239) осы бұйрыққа 239-қосымшаға сәйкес сібір жарасына микробиологиялық зерттеулерді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

240) осы бұйрыққа 240-қосымшаға сәйкес пастереллезге микробиологиялық зерттеулерді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

241) осы бұйрыққа 241-қосымшаға сәйкес молекулалық-генетикалық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

242) осы бұйрыққа 242-қосымшаға сәйкес сыртқы орта объектілерінен алынған үлгілерді молекулалық-генетикалық зерттеуді тіркеу және нәтижелерін беру журналының нысаны;

243) осы бұйрыққа 243-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған үлгілерді молекулалық-генетикалық зерттеуді тіркеу және нәтижелерін беру журналының нысаны;

244) осы бұйрыққа 244-қосымшаға сәйкес зооноздық инфекцияларға микробиологиялық зерттеулерді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

245) осы бұйрыққа 245-қосымшаға сәйкес туляремияға микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

246) осы бұйрыққа 246-қосымшаға сәйкес тырысқақ қоздырғышының болуына сыртқы орта объектілерінің үлгілерін және зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

247) осы бұйрыққа 247-қосымшаға сәйкес сынамаларды қабылдау және үлгілерді тіркеу журналының нысаны;

248) осы бұйрыққа 248-қосымшаға сәйкес тырысқақтың бөлінген өсірінділерінің сипаттамасын есепке алуды тіркеу журналының нысаны;

249) осы бұйрыққа 249-қосымшаға сәйкес тырысқақ қоздырғышының болуына адамдардан алынған материал үлгілерін және зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

250) осы бұйрыққа 250-қосымшаға сәйкес аэроиондар шоғырлануын өлшеулерді тіркеу журналының нысаны;

251) осы бұйрыққа 251-қосымшаға сәйкес тамақтан уланулардың микробиологиялық зерттеулерді тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

252) осы бұйрыққа 252-қосымшаға сәйкес тамақтан уланулардың микробиологиялық зерттеулерді (ботулотоксинге зерттеулерді) тіркеу журналының нысаны;

253) осы бұйрыққа 253-қосымшаға сәйкес тамақтан уланулардың микробиологиялық зерттеулерді (ботулизм қоздырғышына зерттеулерді) тіркейтін жұмыс журналының нысаны;

254) осы бұйрыққа 254-қосымшаға сәйкес иерсиниозға микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

255) осы бұйрыққа 255-қосымшаға сәйкес мал шаруашылығы өнімдеріндегі антибиотиктердің қалдық мөлшерін анықтау бойынша микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

256) осы бұйрыққа 256-қосымшаға сәйкес тамақ және мал шаруашылығы өнімдеріндегі бактерияға қарсы препараттардың қалдық мөлшерін анықтау бойынша зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

257) осы бұйрыққа 257-қосымшаға сәйкес қанды стерилділікке микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

258) осы бұйрыққа 258-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған клиникалық материалды (антибиотикке сезімталдыққа) зерттеу сынамаларын есепке алу және тіркеу журналының нысаны;

259) осы бұйрыққа 259-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған клиникалық материалды (дисбактериозға) зерттеу сынамаларын тіркеу журналының нысаны;

260) осы бұйрыққа 260-қосымшаға сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімдерінің үлгілерін тіркеу және құрамында нитраттардың болуына зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

261) осы бұйрыққа 261-қосымшаға сәйкес безгекке зерттеп-қаралатын адамдарды тіркеу журналының нысаны;

262) осы бұйрыққа 262-қосымшаға сәйкес паразитологиялық зертханалардағы зертханаішілік бақылауды (шайындыларды) тіркеу журналының нысаны;

263) осы бұйрыққа 263-қосымшаға сәйкес гнус имагосы санының серпінін есепке алу журналының нысаны;

264) осы бұйрыққа 264-қосымшаға сәйкес гнус дернәсілдері санының маусымдық серпінін есепке алу журналының нысаны;

265) осы бұйрыққа 265-қосымшаға сәйкес кенелер имагосы санының серпінін есепке алу журналының нысаны;

266) осы бұйрыққа 266-қосымшаға сәйкес энтомофаунаны және кенелерді фенологиялық бақылауды есепке алу журналының нысаны;

267) осы бұйрыққа 267-қосымшаға сәйкес аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарына дезинфекциялау құралдарының микробқа қарсы белсенділігінің сынақтарын тіркеу журналының нысаны;

268) осы бұйрыққа 268-қосымшаға сәйкес метеорологиялық факторларды өлшеу және зерттеу нәтижелерін беруді тіркеу журналының нысаны;

269) осы бұйрыққа 269-қосымшаға сәйкес жануарлардың тістеуінен, сілекейінің жұғуынан, тырнауынан зардап шеккен адамдарды тіркеу журналының нысаны;

270) осы бұйрыққа 270-қосымшаға сәйкес сүтқоректілерді тарағанда түскен эктопаразиттерді тіркеу журналының нысаны;

271) осы бұйрыққа 271-қосымшаға сәйкес дефектоскоптарды, иондаушы сәулелену көздерін және спектрометрлерді дозиметриялық бақылауды есепке алу журналының нысаны;

272) осы бұйрыққа 272-қосымшаға сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарының инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алу журналының нысаны;

273) осы бұйрыққа 273-қосымшаға сәйкес спектрометриялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

274) осы бұйрыққа 274-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік объектілерді зерттеп-қарауды тіркеу журналының нысаны;

275 осы бұйрыққа 275-қосымшаға сәйкес рентген кабинеттерінде жүргізілген өлшеулерді тіркеу журналының нысаны;

276) осы бұйрыққа 276-қосымшаға сәйкес қоршау конструкцияларының дыбыс оқшаулауын өлшеуді тіркеу журналының нысаны;

277) осы бұйрыққа 277-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды тіркеу журналының нысаны;

278) осы бұйрыққа 278-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексерулерді есепке алу журналының нысаны;

279) осы бұйрыққа 279-қосымшаға сәйкес ұсақ сүтқоректілердің санын есепке алудың далалық журналының нысаны;

280) осы бұйрыққа 280-қосымшаға сәйкес кәсіптік ауруды (улануларды) есепке алу картасының нысаны;

281) осы бұйрыққа 281-қосымшаға сәйкес инфекциялық және паразиттік ауру ошағын эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасының нысаны;

282) осы бұйрыққа 282-қосымшаға сәйкес зоонозды ауру ошағын эпизоотологиялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасының нысаны;

283) осы бұйрыққа 283-қосымшаға сәйкес туберкулездің бациллалық түрінің ошағын эпидемиологиялық зерттеп-қарау картасының нысаны;

284) осы бұйрыққа 284-қосымшаға сәйкес іш сүзегінің, А, В паратифтерінің бактерияларын тасымалдаушыны есепке алу картасының нысаны;

285) осы бұйрыққа 285-қосымшаға сәйкес жануардың тістеуінен, сілекейі жұғуынан , тырнауынан зардап шегуші адамның оқиғасын эпидемиологиялық тергеп-тексеру картасының нысаны;

286) осы бұйрыққа 286-қосымшаға сәйкес инфекциялық ауру ошағында ағымдағы дезинфекциялауды бақылау картасының нысаны;

287) осы бұйрыққа 287-қосымшаға сәйкес медициналық және басқа да ұйымдарда ағымдағы дезинфекциялауды ұйымдастыру мен жүргізуді бақылау картасының нысаны ;

288) осы бұйрыққа 288-қосымшаға сәйкес дезинсекциялауға, дератизациялауға берілетін наряд нысаны;

289) осы бұйрыққа 289-қосымшаға сәйкес қорытынды дезинфекциялауға берілетін наряд нысаны;

290) осы бұйрыққа 290-қосымшаға сәйкес иммундық-ферменттік талдау нәтижесінің нысаны;

291) осы бұйрыққа 291-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материалдарды бактериологиялық зерттеу және микробтарға қарсы қолданылатын препараттарға сезімталдықты анықтау нәтижесінің нысаны;

292) осы бұйрыққа 292-қосымшаға сәйкес адамдардан алынған материалдарды серологиялық зерттеу нәтижесінің нысаны;

293) осы бұйрыққа 293-қосымшаға микробтарға қарсы препараттарға сезімталдықты анықтау нәтижесінің нысаны;

294) осы бұйрыққа 294-қосымшаға сәйкес полимеразды тізбекті реакция нәтижесінің нысаны;

295) осы бұйрыққа 295-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының нысаны;

296) осы бұйрыққа 296-қосымшаға сәйкес жұмыскерде кәсіптік аурудың (уланудың) болуына күдіктену кезінде еңбек шарттарының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасының нысаны;

297) осы бұйрыққа 297-қосымшаға сәйкес наряд бойынша дезинфекциялау жүргізу туралы анықтаманың нысаны;

298) осы бұйрыққа 298-қосымшаға сәйкес заттарға берілетін түбіртек нысаны;

299) осы бұйрыққа 299-қосымшаға сәйкес су қоймасының паспортының нысаны;

300) осы бұйрыққа 300-қосымшаға сәйкес аса қауіпті инфекцияларды тасымалдаушы иксод кенелерінің болуына аумақты барлап зерттеп-қарау нәтижелерін есепке алудың жиынтық тізімдемесінің нысаны;

301) осы бұйрыққа 301-қосымшаға сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің органына келу туралы хабардар ету (хабарлама) нысаны;

302) осы бұйрыққа 302-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша процестік әрекеттер туралы анықтаманың нысаны;

303) осы бұйрыққа 303-қосымшаға сәйкес полиомиелит немесе жіті енжар паралич жағдайын эпидемиологиялық тергеп-тексеру нысаны;

304) осы бұйрыққа 304-қосымшаға сәйкес стационарлардағы сүтқоректілер санын есепке алу бойынша жұмысты есепке алу күнделігінің нысаны;

305) осы бұйрыққа 305-қосымшаға сәйкес өнімдерді (тауарларды) сатып алу актісінің нысаны;

306) осы бұйрыққа 306-қосымшаға сәйкес бақылау мақсатында сатып алуды өткізу туралы шешімдерді тіркеу журналының нысаны;

307) осы бұйрыққа 307-қосымшаға сәйкес бақылау мақсатында сатып алудың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу журналының нысаны;

308) осы бұйрыққа 308-қосымшаға сәйкес тоқтатыла тұрған тауарлар (әкелуге уақытша тыйым салынған тауарлар) туралы хабарламаларды есепке алу журналының нысаны;

309) осы бұйрыққа 309-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулының нысаны;

310) осы бұйрыққа 310-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерінің үлгісін тіркеу және зерттеу нәтижелерін беру журналының нысаны;

311) осы бұйрыққа 311-қосымшаға сәйкес автоклавтарды және дезинфекциялық камераларды микробиологиялық зерттеу хаттамасының нысаны;

312) осы бұйрыққа 312-қосымшаға сәйкес көмір үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

313) осы бұйрыққа 313-қосымшаға сәйкес көмір үлгілерін зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

314) осы бұйрыққа 314-қосымшаға сәйкес темекінің, темекі бұйымдарының, электрондық және басқа да тұтыну жүйелерінің үлгілерін алу актісінің нысаны;

315) осы бұйрыққа 315-қосымшаға сәйкес темекі, темекі бұйымдарының, электрондық және басқа да тұтыну жүйелерінің үлгілерін зерттеу хаттамасының нысаны;

316) осы бұйрыққа 316-қосымшаға сәйкес темекі, темекі бұйымдарының, электрондық және басқа да тұтыну жүйелерінің үлгілерін зерттеуді тіркеу журналының нысаны;

317) осы бұйрыққа 317-қосымшаға сәйкес оқушы жиһазының функционалдық өлшемдерін өлшеу хаттамасының нысаны;

318) осы бұйрыққа 318-қосымшаға сәйкес оқушы жиһазының функционалдық өлшемдерін өлшеуді тіркеу журналының нысаны;

319) осы бұйрыққа 319-қосымшаға сәйкес өсімдіктердің радиоактивтілігін зерттеу хаттамасының нысаны;

320) осы бұйрыққа 320-қосымшаға сәйкес су үлгілерін (гемодиализге және ілеспе терапияға арналған) зерттеу нәтижесінің нысаны;

321) осы бұйрыққа 321-қосымшаға сәйкес су үлгілерін (гемодиализге және ілеспе терапияға арналған) зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

322) осы бұйрыққа 322-қосымшаға сәйкес дистиллденген суды зерттеу хаттамасының нысаны;

323) осы бұйрыққа 323-қосымшаға сәйкес жүзу бассейндерінің суын зерттеу хаттамасының нысаны;

324) осы бұйрыққа 324-қосымшаға сәйкес үлгілерді экспресс-әдіспен зерттеу хаттамасының нысаны;

325) осы бұйрыққа 325-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің, тамақ өнімдерінің, судың, топырақтың, ауа ортасының үлгілерін пестицидтердің қалдық мөлшерін анықтауға зерттеу хаттамасының нысаны;

326) осы бұйрыққа 326-қосымшаға сәйкес топырақ үлгілерін және зерттеу (жоғары дәлдіктегі жабдықта) нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

327) осы бұйрыққа 327-қосымшаға сәйкес зертханаішілік бақылау журналының нысаны;

328) осы бұйрыққа 328-қосымшаға сәйкес серологиялық зерттеулерді (ішек инфекциялары тобы) тіркеу журналының нысаны;

329) осы бұйрыққа 329-қосымшаға сәйкес көкжөтел мен көкжөтелге ұқсас аурулардың серологиялық зерттеулерін тіркеу журналының нысаны;

330) осы бұйрыққа 330-қосымшаға сәйкес скарлатинаға микробиологиялық зерттеулерді тіркеу журналының нысаны;

331) осы бұйрыққа 331-қосымшаға сәйкес секвенирлеу әдісімен генетикалық сипаттамаға арналған үлгілерді тіркеу журналының нысаны;

332) осы бұйрыққа 332-қосымшаға сәйкес вирустық инфекциялардың генетикалық сипаттамасы үшін зертханаға жіберу сауалнамасының нысаны;

333) осы бұйрыққа 333-қосымшаға сәйкес вирустық үлгілердің генетикалық сипаттамасын тіркеу және нәтижелерін беру журналының нысаны;

334) осы бұйрыққа 334-қосымшаға сәйкес бактериялық үлгілердің генетикалық сипаттамасын тіркеу және нәтижелерін беру журналының нысаны;

335) осы бұйрыққа 335-қосымшаға сәйкес дезинфекциялық препараттардың шығысын есепке алу журналының нысаны;

336) осы бұйрыққа 336-қосымшаға сәйкес дезинфекциялық препараттарды пайдалануды есепке алу журналының нысаны;

337) осы бұйрыққа 337-қосымшаға сәйкес дыбыс оқшаулауын өлшеу бойынша сараптамалық қорытындының нысаны;

338) осы бұйрыққа 338-қосымшаға сәйкес санитариялық-карантиндік бақылау актісінің (төтенше жағдайлардың туындау қаупі болған кезде) нысаны;

339) осы бұйрыққа 339-қосымшаға сәйкес жіті респираторлық вирустық инфекция бойынша зертханалық зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

340) осы бұйрыққа 340-қосымшаға сәйкес тұмау инфекциясын зерттеу нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

341) осы бұйрыққа 341-қосымшаға сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтардың мөлшерін есепке алу журналының нысаны;

342) осы бұйрыққа 342-қосымшаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы қарау орнына келуге шақыртудың нысаны;

343) осы бұйрыққа 343-қосымшаға сәйкес атқарылған жұмыстарды (зоологиялық) есепке алу күнделігінің нысаны;

344) осы бұйрыққа 344-қосымшаға сәйкес бүргелер популяциясының экологиялық-физиологиялық жай-күйін тіркеу журналының нысаны;

345) осы бұйрыққа 345-қосымшаға сәйкес далалық материалды зерттеу хаттамасының нысаны;

346) осы бұйрыққа 346-қосымшаға сәйкес елді мекендерде кеміргіштердің болуын зерттеп-қарау тізімдемесінің нысаны;

347) осы бұйрыққа 347-қосымшаға сәйкес елді мекендегі (жабық стация) жұмыстарды есепке алу күнделігінің нысаны;

348) осы бұйрыққа 348-қосымшаға сәйкес кене түрлерінің басымдылық индексінің (елді мекендердің төңірегі) нысаны;

349) осы бұйрыққа 349-қосымшаға сәйкес Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына кенелерді зерттеуге арналған жолдаманың нысаны;

350) осы бұйрыққа 350-қосымшаға сәйкес кенелерді Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына зерттеу нәтижелерін есепке алу журналының нысаны;

351) осы бұйрыққа 351-қосымшаға сәйкес оба қоздырғышы штаммының паспортының нысаны;

352) осы бұйрыққа 352-қосымшаға сәйкес жиналған далалық материалдар тізімінің нысаны;

353) осы бұйрыққа 353-қосымшаға сәйкес паразитологиялық мәліметтер нысаны;

354) осы бұйрыққа 354-қосымшаға сәйкес эктопаразитологиялық зерттеулер мен олардың нәтижелерін тіркеу журналының нысаны;

355) осы бұйрыққа 355-қосымшаға сәйкес объектілердегі иксод кенелер саны көрсеткіштерінің нысаны;

356) осы бұйрыққа 356-қосымшаға сәйкес зерттеп-қаралған учаске бойынша ақпараттың нысаны;

357) осы бұйрыққа 357-қосымшаға сәйкес жұқпалы блокқа кіру журналының нысаны;

358) осы бұйрыққа 358-қосымшаға сәйкес кызметкерлердің температуралық режимін тіркеу журналының нысаны;

359) осы бұйрыққа 359-қосымшаға сәйкес патогендігі I–II топтардағы патогенді биологиялық агенттерді және патогендігі III–IV топтардағы коллекциялық микроорганизмдерді микробиологиялық зертхана (ұйым) шегінде беру актілерін тіркеу журналының нысаны;

360) осы бұйрыққа 360-қосымшаға сәйкес патогенді микроорганизмдерді жою актісін тіркеу журналының нысаны;

361) осы бұйрыққа 361-қосымшаға сәйкес патогенді микроорганизмдер салынған ыдыстарды ашу актілерін тіркеу журналының нысаны;

362) осы бұйрыққа 362-қосымшаға сәйкес виварий жануарларының кіріс-шығысын ай сайын тіркеу журналының нысаны;

363) осы бұйрыққа 363-қосымшаға сәйкес виварий жануарларының санын күн сайын тіркеу журналының нысаны;

364) осы бұйрыққа 364-қосымшаға сәйкес қоректік орталардың жарамдылығын бақылау журналының нысаны бекітілсін.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-1, 12-2, 12-3, 12-4, 12-5 және 12-6-қосымшалар алып тасталсын;

13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94 және 95-қосымшалар осы бұйрыққа 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44,

45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94 және 95-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

95-1-қосымша алып тасталсын;

96 және 97-қосымшалар осы бұйрыққа 96 және 97-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

97-1 және 97-2-қосымшалар алып тасталсын;

98-қосымша осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

98-2-қосымша алып тасталсын;

99, 100 және 101-қосымшалар осы бұйрыққа 99, 100 және 101-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

101-1-қосымша алып тасталсын;

102 және 103-қосымшалар осы бұйрыққа 102 және 103-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

103-1 және 103-2-қосымшалар алып тасталсын;

